

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін ІГРА есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 1 б.	ССБЖ 3-шығарылым

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТІЛДІ»
ҚАЕУ Ғылыми кеңесінің шешімі,
№ 7 хаттама «19» 03.2025 ж.
 Е. Мамбетқазиев



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН ІГРА ЕСЕПКЕ АЛА
ОТЫРЫП БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Өскемен, 2025 ж.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 2 б.	ССБЖ 3-шығарылым

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Білім алушылардың жетістіктерін IGPA ескере отырып бағалау туралы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 маусымдағы № 288 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың интегралдық, оның ішінде әлеуметтік IGPA көрсеткішін пилоттық режимде енгізу туралы ереже негізінде және Білім алушылардың жетістіктерін GPA ескере отырып бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығы, Астана, 2023 ж.) сәйкес әзірленді.

Ереже білім алушылардың зерттеушілік және әлеуметтік құзыреттерін интегралдық GPA арқылы бағалаудың тәртібі мен ұйымдастырылуын айқындайды.

Интегралдық GPA көрсеткіші білім алушының академиялық жетістіктерін, ғылыми-зерттеу қызметін және әлеуметтік белсенділігін ескере отырып, оның жан-жақты даму деңгейінің кешенді бағасын көрсетеді.

Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білім алушының академиялық жетістіктері – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде білім алушы меңгерген білімдердің, дағдылардың және құзыреттердің жиынтығы, оның оқу жетістіктерінің, зерттеушілік дағдыларының және әлеуметтік құзыреттерінің жалпы деңгейін сипаттайды;

2) академиялық жетістіктердің интегралдық орташа балы (IGRA) – белгілі бір кезең ішінде білім алушының академиялық үдерісте алған нәтижелерін кешенді бағалау, ол қол жеткізілген оқу нәтижелерін (үлгерімді), зерттеушілік дағдыларды және әлеуметтік құзыреттерді көрсетеді және білім алушының оқу жетістіктерінің 0,5 үлесі, зерттеушілік дағдыларының 0,35 үлесі және әлеуметтік құзыреттерінің 0,15 үлесі мәндерінің қосындысы ретінде айқындалады.

3) үлгерімнің орташа балы (GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезең ішіндегі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа салмақталған бағасы (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағаның сандық баламасына кредиттерді көбейту нәтижелерінің қосындысының осы кезеңдегі аталған жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);

4) білім алушының зерттеушілік жетістіктері (iROS (АйРОС) – indicators of Research-Oriented Study) – білім алушының зерттеушілік және жобалық қызмет барысында (оның ішінде хакатондар мен стартаптарға қатысу арқылы) қалыптасатын зерттеушілік дағдылары мен құзыреттерінің

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 3 б.	ССБЖ 3-шығарылым

жиынтығы, индикаторлар арқылы өлшенетін және оның зерттеушілік дағдыларының орташа балын көрсететін көрсеткіштер.

5) білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері (SSCI (ЭсЭсСиАй) – social and sporty competition indicators) – білім алушының қоғамдық қызмет (қоғамға қызмет ету (community service), оның ішінде волонтерлік қызмет), әлеуметтік және спорттық қызмет барысында қалыптасатын дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы, индикаторлар арқылы өлшенетін және оның әлеуметтік құзыреттерінің орташа балын көрсететін көрсеткіштер;

6) зерттеушілік құзырет – зерттеу жүргізу, жаңа білім алу, жаңа зияткерлік өнім жасау, жаңа жоба әзірлеу, мәселенің жаңа шешімін ұсыну саласындағы білімдердің, қабілеттердің, дағдылар мен тәжірибенің жиынтығы; кез келген мәселе бойынша тиімді зерттеу жүргізу барысында адам көрсетуі тиіс сапалар мен іскерліктер;

7) әлеуметтік құзырет – тұлғаның қазіргі қоғам жағдайында бейімделуіне, конструктивті және жанжалсыз өзара әрекеттесуіне, кәсіби міндеттерді нәтижелі шешуіне және түрлі әлеуметтік рөлдерді атқаруына мүмкіндік беретін интегративтік қасиеті.

2. ИНТЕГРАЛДЫҚ GPA ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Білім алушылардың зерттеушілік және әлеуметтік қызметін объективті және ашық бағалауды қамтамасыз ету мақсатында университетте IGPA моделі ескеріле отырып білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылатын Зерттеушілік және әлеуметтік құзыреттер картасы әзірленіп, бекітілді (3,4-тармақтарды қараңыз). Картаға сәйкес зерттеушілік және әлеуметтік белсенділік көрсеткіштері айқындалып, сондай-ақ әрбір қызмет түрінің маңыздылық деңгейін және оның білім алушы құзыреттерінің даму деңгейін қорытынды бағалауға әсер ету дәрежесін көрсететін балдар мен салмақтық коэффициенттер белгіленді.

Карта университетте аталған қызмет түрлерін сүйемелдейтін құрылымдық бөлімшелермен (ғылыми-зерттеу бөлімі, кафедралар, студенттік даму орталығы) білім алушылардың және басқа да мүдделі тараптардың өкілдерін тарта отырып, Түлек моделі негізінде әзірленді.

Карта білім алушының зерттеушілік және жобалық қызметі барысында, сондай-ақ қоғамдық, әлеуметтік және спорттық қызметі нәтижесінде қалыптасқан дағдылар мен құзыреттердің тізбесін қамтиды. Картада білім алушылардың белсенділік көрсеткіштері қатысу нысандары бойынша санаттар кесіндісінде (университеттік, қалалық, республикалық,

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 4 б.	ССБЖ 3-шығарылым

халықаралық деңгейлер) бағалау критерийлерімен және индикаторларымен өзара сәйкестендірілген дағдылар мен құзыреттер көрсетілген.

iROS және SSCI бағалау критерийлерінің өзіне тән белсенділік көрсеткіштері бар, олар қатысу нысанына байланысты бағаланады. 100 балдық шкалаға келтіру мақсатында әрбір көрсеткішке тиісті коэффициент беріледі.

Әзірленген Карта ҚАЕУ-дің Оқу және ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітіледі.

Білім алушылардың зерттеушілік және әлеуметтік құзыреттерін есепке алу мен бағалауды (балдарды) олардың оқу жетістіктерімен өзара байланыстыру мақсатында аталған қызмет түрлерінің еңбек сыйымдылығы академиялық кредиттермен (сағаттармен) өлшенеді және интегралдық GPA-ның барлық үш құрамдас бөлігі бойынша бағалау бірыңғай 100 балдық бағалау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Академиялық жетістіктерді (интегралдық GPA) бағалау үшін университетте бағалау нәтижелерін жинауды, өңдеуді, сақтауды және ұсынуды жүзеге асыратын «PLATONUS» ААЖ жұмыс істейді.

Platonus жүйесінде интегралдық GPA бойынша өтінімдерді беру және карау рәсімі:

1) Білім алушылар үшін:

—Platonus жүйесінде авторизациядан өтіңіз

—«Сайт картасы» батырмасын басыңыз

—«Интегралдық GPA» тармағын таңдаңыз

—Ашылған бетте «Әлеуметтік GPA» немесе «Ғылыми GPA» қойындыларының бірін таңдаңыз

—Қойындыны таңдағаннан кейін «Қосу» батырмасын басып, барлық қажетті өрістерді толтырыңыз

—Барлық өрістерді толтырып, құжатты тіркегеннен кейін «Өтінім беру» батырмасын басыңыз

—Өтінім жіберілгеннен кейін тексеруші оны *мақұлдағанын* немесе *қабылдамағанын* күтіңіз

—Өтініміңіз мақұлданғаннан кейін «Интегральный GPA» қойындысында өзіңіздің интегралдық GPA көрсеткіштеріңізді көре аласыз

2) Қызметкерлер үшін:

—Platonus жүйесінде авторизациядан өтіңіз

—«Сайт картасы» батырмасын басыңыз

—«Интегралдық GPA» тармағын таңдаңыз

—Ашылған беттегі тізімнен өтінім берген студенттің Т.А.Ө. таңдаңыз

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 5 б.	ССБЖ 3-шығарылым

—«Әлеуметтік GPA» немесе «Ғылыми GPA» қойындыларының бірін таңдап, берілген өтінімді басыңыз

—Барлық қажетті өрістерді қарап шығып, жүктеп алып тексеру қажет құжатты тексеріңіз, содан кейін «Қабылдамау» немесе «Мақұлдау» батырмасын басыңыз

— Осы әрекеттерден кейін студенттің жеке профиліне оның өтінімі бойынша қабылданған шешім туралы хабарлама жіберіледі.

Ақпарат жинау жыл сайын әр оқу жылы шеңберінде жүзеге асырылады: ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап 25 тамызына дейін. Деректерді тексеру және растау ғылыми және әлеуметтік құрамдас бөліктерге жауапты тиісті құрылымдық бөлімшелермен жылына екі рет, 1 және 2 семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

Интегралдық GPA білім алушының академиялық жетістіктері деңгейі (IGRA) ретінде есептеледі және білім алушының оқу жетістіктерінің 0,5 үлесі, зерттеушілік дағдыларының 0,35 үлесі және әлеуметтік құзыреттерінің 0,15 үлесі мәндерінің қосындысы болып табылады.

IGPA мына формула бойынша есептеледі:

$$IGPA = GPA * 0,5 + iROS * 0,35 + SSCI * 0,15$$

мұнда:

GPA – үлгерімнің орташа балы;

iROS – білім алушының зерттеушілік жетістіктері;

SSCI – білім алушының әлеуметтік және спорттық жетістіктері.

Әр оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылар мен университет түлектеріне жоғары білім туралы негізгі дипломмен қатар олардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі, әлеуметтік белсенділігіндегі, жобалар мен конкурстарға қатысуындағы, волонтерлік қызметтегі, студенттік өзін-өзі басқару органдарындағы және қосымша әрі бейресми білім берудің өзге де нысандарындағы жеке жетістіктерін көрсететін IGPA дипломы табысталады.

Білім алушылардың білім беру, ғылыми-зерттеу, қоғамдық және жобалық жетістіктерін тану және ынталандыру мақсатында университетте кешенді марапаттау жүйесі жүзеге асырылады. Деректерді жинау және талдау аяқталғаннан кейін үздік білім алушылардың рейтингі айқындалады, оның шеңберінде он жүлделі орын белгіленеді. Солардың ішінде ең жоғары нәтижелер көрсеткен үш көшбасшы анықталып, оларға I, II және III дәрежелі дипломдар беріледі. Үздіктер қатарына енген қалған қатысушыларға университеттің академиялық, ғылыми және қоғамдық өміріне қосқан үлесін мойындауды білдіретін дипломдар табысталады, сондай-ақ «Жылдың үздік студенті» және «Жылдың үздік түлегі» құрметті атақтары беріледі.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 6 б.	ССБЖ 3-шығарылым

IGPA дипломы универсалдық және кәсіби құзыреттердің, көшбасшылық және зерттеушілік дағдылардың қалыптасу деңгейін көрсетеді, сондай-ақ білім алушының университеттің академиялық және қоғамдық өміріндегі белсенді ұстанымын растайды. Аталған дипломның болуы түлектің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, оның кәсіби өсуіне ықпал етеді және практикалық тәжірибесінің, бастамашылдығының және әлеуметтік жауапкершілігінің қосымша дәлелі болып табылады.

3. IGPA ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Ғылыми зерттеу — жаңа білім алу, заңдылықтарды айқындау және ғылыми мәселелерді шешу мақсатында объектілерді, үдерістерді немесе құбылыстарды зерделеуге бағытталған ұйымдастырылған және жүйелі қызмет.

Зерттеушілік қызмет деп белсенді ізденісті, нәтижелерді талдауды және бағалауды, болжауды және гипотезалар құруды, модельдеуді, зерттеу әдістерін түзетуді және оларды практикалық қолдануды — бақылау немесе эксперимент жүргізуді талап ететін үдеріс түсініледі.

Зерттеушілік құзырет — зерттеу жүргізуге, жаңа ғылыми нәтижелер алуға, зияткерлік өнімдер мен жобалық шешімдер жасауға, сондай-ақ мәселелерді шешудің тиімді тәсілдерін ұсынуға қажетті білімдердің, біліктердің, дағдылардың және практикалық тәжірибенің жиынтығы. Ол кез келген салада тиімді зерттеу жүргізу үшін адам көрсетуі тиіс сапалар мен қабілеттерді қамтиды. Зерттеушілік құзыреттерді дамыту ғылыми жұмыс жүргізе алатын, зерттеушілік дағдылары қалыптасқан және тұрақты кәсіби өсуге қабілетті түлекті даярлауға бағытталған.

Төменде зерттеушілік қызмет саласындағы дағдылар мен құзыреттер картасы берілген, ол білім алушы үшін бағдар және өзін-өзі дамытуға арналған практикалық құрал болып табылады. Осы картаны пайдалана отырып, білім алушы оны зерттеушілік дамудың навигаторы ретінде қарастыра алады, яғни қандай дағдылар мен құзыреттерді меңгергенін және қай бағыттарда одан әрі дамуы қажет екенін айқындай алады.

Ғылыми-зерттеу қызметіндегі дағдылар мен құзыреттер картасы

Іс-шара	Түрі	Аяқталу нысаны	Дағдылар	Құзыреттер
Ғылыми жарыс	Ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар, хакатондар, ғылыми көрмелер және т.б. жүлделі	I–III дәрежелі диплом, қатысушы/жеңімпаз сертификаты	- ғылыми және практикалық міндеттерді шешу - аналитикалық ойлау - бағдарламалау / модельдеу дағдылары	- зерттеу және инновация саласындағы құзыреттер - сыни ойлау - жобалық

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 7 б.	ССБЖ 3-шығарылым

	орын (1–3 орын)		(хакатон жағдайда) болған • шектеулі уақыт жағдайында жұмыс істеу • презентациялық дағдылар	құзыреттілік • білімді жаңа жағдайда қолдану қабілеті
Ғылыми симпозиум	Ғылыми симпозиумдарға қатысу немесе ұйымдастыру	Диплом, сертификат, алғыс хат	• ғылыми коммуникация • ғылыми идеяларды тұжырымдау және талқылау • ғылыми пікірталастарды ұйымдастыру • көпшілік алдында сөйлеу дағдылары	• коммуникативтік құзыреттер • академиялық өзара әрекеттесу құзыреттері • ғылыми қауымдастықта жұмыс істеу қабілеті
Өнертапқыштық қызмет	Ғылыми жобалар мен бағдарламаларға, коммерцияландыру жобаларына, стартаптарға қатысу	Патентке өтінім немесе қорғау құжаты, стартап-бағдарлама қатысушысының сертификаты	• инновациялық шешімдер генерациялау • прототиптеу • стартап-жобаны басқару • технологияларды коммерцияландыру дағдылары	• зерттеу-инновациялық құзыреттілік • технологиялық кәсіпкерлік • зияткерлік меншік құқықтарын әзірлеу және қорғау қабілеті
Ғылыми-зерттеу жұмыстары	Ғылыми тағылымдама, халықаралық мектептер мен жазғы университеттерге қатысу; ғылыми жобалар конкурстарына қатысу; шетелдік әріптестермен бірлескен жарияланымдар	Тағылымдамадан/мектептен/университеттен өткені туралы сертификат (диплом, хат және т.б.), бірлескен жарияланым немесе серіктестердің растау құжаты	• ғылыми зерттеу әдістері • ғылыми дерекқорлармен жұмыс • арнайы жабдықпен жұмыс істеу • ғылыми жазу дағдылары	• академиялық құзыреттілік • мәдениетаралық және халықаралық ғылыми коммуникация • дербес зерттеу жүргізу қабілеті
Жарияланымдар	Жарияланымдар және нәтижелер (баяндама, презентация, мақала, өтінім немесе зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілеріне қорғау куәлігі, ғылыми жабдықпен жұмыс істеу дағдылары туралы сертификат)	DOI, Scopus/WoS дерекқорынан скриншот, жарияланымға сілтеме, мақаланың титулдық беті мен шығыс деректері, зияткерлік меншікке өтінім немесе тіркеу куәлігі	• ғылыми жазу • қорытындылар мен нәтижелерді тұжырымдау • ғылыми мәтіндерді стандарттарға (APA, Chicago және т.б.) сәйкес рәсімдеу • зерттеу әдістерін меңгеру	• жарияланымдық құзыреттілік • зияткерлік меншік саласындағы құзырет • ғылыми нәтижелерді кәсіби қауымдастыққа ұсыну қабілеті
Басқа ғылыми	Ғылыми іс-шараларға	• қатысушы/спикер/ұйымдастырушы	• ұйымдастырушылық дағдылар	• ұйымдастырушылық-басқарушылық

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 8 б.	ССБЖ 3-шығарылым

қызмет	(конференциялар, семинарлар/вебинарлар, ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар, хакатондар, ғылыми көрмелер) қатысу немесе ұйымдастыру	сертификаты • іс-шара бағдарламасы • қатысу/ұйымдастыру туралы бұйрық	- ғылыми сессияларды модерациялау - цифрлық сауаттылық (онлайн-вебинарлар) - командада жұмыс істеу	құзыреттер - коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттер - ғылыми іс-шараларды үйлестіру қабілеті
Басқа ғылыми қызмет	Шетелдік оқытушылар өткізетін семинарларға немесе шеберлік сабақтарына қатысу	- қатысушы сертификаты - іс-шара бағдарламасы - қатысуды растайтын өзге құжат	- кәсіби және ғылыми коммуникация дағдылары - кәсіби ақпаратты қабылдау және талдау - мәдениетаралық өзара іс-қимыл дағдылары - кәсіби ой-өрісті кеңейту	- кәсіби және академиялық құзыреттілік - мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік - алынған білімді оқу және зерттеу қызметінде қолдану қабілеті

ҚАЕУ-де зерттеушілік қызмет шеңберінде білім алушылардың белсенділігінің мынадай көрсеткіштері айқындалады:

- ғылыми жобалар конкурстарына, олимпиадаларға, хакатондарға, ғылыми көрмелерге және басқа да іс-шараларға қатысу;
- ғылыми симпозиумдарға қатысу немесе оларды ұйымдастыру;
- ғылыми жобалар мен бағдарламаларға, коммерцияландыру жобаларына, стартаптарға қатысу;
- ғылыми тағылымдамадан өту;
- халықаралық мектептер мен жазғы университеттерге қатысу;
- ғылыми жобалар конкурстарына қатысу;
- шетелдік әріптестермен бірлескен жарияланымдарға қатысу;
- ғылыми іс-шараларға (конференциялар, семинарлар/вебинарлар, ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар, хакатондар, ғылыми көрмелер) қатысу немесе оларды ұйымдастыру.

Әрбір белсенділік көрсеткіші мүмкіндігінше санына, қатысу нысанына және (немесе) мәртебесіне қарай бағалануы тиіс. 100 балдық шкалаға келтіру мақсатында әрбір көрсеткішке тиісті салмақтық коэффициент беріледі.

Зерттеушілік құзыреттердің iROS қорытынды мәні белгілі бір белсенділік үшін берілген балды оның салмақтық коэффициентіне көбейту нәтижелерінің қосындысы ретінде есептеледі.

iROS мына формула бойынша есептеледі:

$$iROS = \sum BIn * CK,$$

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 9 б.	ССБЖ 3-шығарылым

мұнда:

n – зерттеушілік белсенділіктің тиісті түрі;

БИ – тиісті белсенділік түрі бойынша индикатор (балл);

СК – салмақтық коэффициент.

Білім алушының зерттеушілік құзыреттіліктерінің деңгейі (iROS) зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша жинаған балына сәйкес айқындалады және белгіленген салмақ коэффициентіне сәйкес интегралдық GPA-ны есептеу кезінде ескеріледі.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 10 б.	ССБЖ 3-шығарылым

Ғылыми-зерттеу белсенділігі көрсеткіштері	Ғылыми-зерттеу белсенділігінің бөлімдері	Мәртебесі							Қосымша балл «Ұйымдастырушы»	Қосымша балл «Қатысушы»	Қосымша балл «Автор»	Қосымша балл «Қосалқы автор»	Қосымша балл «Көрініс»	Үлес	Растайтын құжат	Растауға жауапты құрылымдық бөлімше
		Қалалық/ЖОО ішілік	Облыстық	Республикалық	Халықаралық (өз ЖОО-да)	Ұйым деңгейінде	Халықаралық ҚР	Халықаралық шетелде								
		балл	балл	балл	балл	балл	балл	балл								
Ғылыми жарыс	Ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар, хакатондар, ғылыми көрмелер және т.б. (1–3 орын)	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,2	I–III дәрежелі диплом, қатысушы /жеңімпаз сертификаты	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)
Ғылыми симпозиум	Ғылыми симпозиумдарға қатысу немесе ұйымдастыру	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,1	Диплом, сертификат, алғыс хат	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)
Өнертапқыштық қызмет	Ғылыми жобалармен бағдарламаларға, коммерцияландыру жобаларына, стартаптарға қатысу	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,2	Патентке өтінім немесе қорғау құжаты, стартап-бағдарлама сертификаты	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 11 б.	ССБЖ 3-шығарылым

Ғылыми-зерттеу жұмыстары	Ғылыми тағылымдама, халықаралық мектептер мен жазғы университеттер; ғылыми жобалар конкурстары; шетелдік әріптестермен бірлескен жарияланымдар	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,1	Тағылымдамадан/мектептен өткені туралы сертификат; бірлескен жарияланым немесе серіктес растауы	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)
Жарияланымдар	Баяндама, презентация, ғылыми мақала, зияткерлік меншік объектілеріне өтінім/қорғау куәлігі, ғылыми монография, ғылыми ұсынымдар, конференция тезистері, оқу құралы	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,2	DOI, Scopus/WoS дерекқорынан скриншот, жарияланымға сілтеме, мақаланың титулдық беті мен шығыс деректері, ЗМ-ге өтінім немесе тіркеу куәлігі	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 12 б.	ССБЖ 3-шығарылым

Басқа ғылыми қызмет	Конференциялар, семинарлар/вебинарлар, ғылыми жобалар конкурстары, олимпиадалар, хакатондар, ғылыми көрмелерге қатысу немесе ұйымдастыру	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,2	Қатысушы/спикер/ұйымдастырушы сертификаты іс-шара бағдарламасы қатысу/ұйымдастыру туралы бұйрық	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)
Басқа ғылыми қызмет	Шетелдік оқытушылар өткізетін семинарларға немесе шеберлік сабақтарына қатысу	70	75	80	85	90	95	100	10	5	10	5	3	0,2	Қатысушы сертификаты іс-шара бағдарламасы қатысуды растайтын өзге құжат	ҒЗБ (ҒЖ және ЖООКБ жөніндегі проректор)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 13 б.	ССБЖ 3-шығарылым

4. SSCI ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТЕРІН БАҒАЛАУ

Білім алушының әлеуметтік белсенділігі — оның университеттің және сыртқы қауымдастықтардың қоғамдық, оқу-тәрбие және әлеуметтік өміріне қатысу деңгейі. Ол бастамашылдығымен, студенттік ұйымдардың қызметіне, әлеуметтік, мәдени, волонтерлік, құқықтық және азаматтық бағыттағы жобалар мен іс-шараларға белсенді араласуымен көрініс табады.

Әлеуметтік белсенділік білім алушының әлеуметтік жауапкершілікті өз мойнына алуға, білім беру үдерісінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесуге, университет қауымдастығын дамытуға үлес қосуға және әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге дайын екенін көрсетеді.

Әлеуметтік құзыреттер (SSCI) — білім алушының оқу, кәсіби және қоғамдық ортада айналасындағылармен тиімді өзара әрекеттесу қабілетін сипаттайтын әлеуметтік дағдылардың, тұлғалық қасиеттердің және мінез-құлық индикаторларының жиынтығы.

SSCI қалыптастыру және бағалау білім алушының әлеуметтік жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін және қазіргі қоғам жағдайында нәтижелі өзара әрекеттесуге дайындығын дамытуға бағытталған.

Төменде әлеуметтік қызмет саласындағы дағдылар мен құзыреттер картасы ұсынылған, ол білім алушы үшін бағдар және тұлғалық әрі кәсіби дамудың практикалық құралы болып табылады. Осы картаны қарастыра отырып, білім алушы оны әлеуметтік белсенділіктің навигаторы ретінде пайдалана алады, яғни әлеуметтік дағдылар мен құзыреттердің қалыптасу деңгейін айқындап, қай бағыттарды одан әрі дамыту қажет екенін анықтай алады.

Әлеуметтік қызметтегі дағдылар мен құзыреттер картасы

Іс-шара	Түрі	Аяқталу нысаны	Дағдылар	Құзыреттер
Конференциялар, брифингтер, көпшілік алдында сөйлеу	– дебат – қозғалысына қатысу – шешендік өнер көрсету	Сертификат / қатысу хаттамасы	– ойды ауызша түрде анық әрі логикалық жеткізу; – көпшілік алдында сөйлеу және өзін-өзі таныстыру дағдылары; – дәлел келтіру және пікірталас жүргізу тәсілдерін меңгеру; – аудиториямен жұмыс істеу, сұрақтарға жауап беру, регламент сақтау; – баяндама, тезис және презентациялық материалдар дайындау; – ақпаратты талдау	– коммуникативтік құзырет; – академиялық және кәсіби сөйлеу мәдениеті; – зерттеушілік құзырет (зерттеу нәтижелерін ұсыну және қорғау); – әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік; – сыни ойлау; – этикалық құзырет; – стрессқа

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 14 б.	ССБЖ 3-шығарылым

			және құрылымдау; – іскерлік және академиялық қарым-қатынас дағдылары	төзімділік
Студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысу және ұйымдастыру	– студенттік клубтарға қатысу; – мәдени-көпшілік, патриоттық, идеологиялық іс-шараларды ұйымдастыру; – қоғамдық маңызы бар ақпаратты тарату; – студенттік үкімет жұмысына қатысу; – волонтерлік қызмет; – экологиялық іс-шараларға қатысу	Қатысу хаттамасы	– ұйымдастырушылық және жобалық дағдылар; – командада жұмыс істеу және үйлестіру; – іскерлік қарым-қатынас; – шешім қабылдау және жанжалдарды реттеу; – жоспарлау және жауапкершілік	– көшбасшылық және басқарушылық құзырет; – коммуникативтік және әлеуметтік құзырет; – азаматтық жауапкершілік; – құқықтық және этикалық мәдениет
Спорттық қызмет	1) спорттық жарыстарға қатысу; 2) салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастыру	Марапат қағазы / қатысу хаттамасы	– командалық өзара әрекет; – спорттық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру; – өзін-өзі тәртіпке келтіру; – бәсекелестік жағдайда әрекет ету; – қатысушыларды ынталандыру	– әлеуметтік және коммуникативтік құзырет; – жеке және қоғамдық денсаулық үшін жауапкершілік; – азаматтық белсенділік; – ерік-жігер тұрақтылығы; – адал ойын қағидаларын сақтау
Шығармашылық қызмет	– эссе, презентация, бейнероликтер конкурстарына қатысу; – КВН (Көңілділер мен тапқырлар клубы) сайысына қатысу	Қатысу хаттамасы	– креативті және бейнелі ойлау; – ауызша, жазбаша және визуалды түрде өзін-өзі білдіру; – командада жұмыс істеу; – шығармашылық өнімдерді дайындау және ұсыну; – уақыт шектеуінде жұмыс істеу	– коммуникативтік және мәдени құзырет; – шығармашылық және эмоциялық құзыреттілік; – әлеуметтік белсенділік; – стрессқа төзімділік; – аудиторияға құрмет
Басқа	Халықаралық көшбасшылық бағдарламасының кез келген деңгейіне, оның ішінде көшбасшылық курсына, тәлімгерлік бағдарламасына, Көшбасшылық	Сертификат	– көшбасшылық және басқарушылық дағдылар; – командамен тиімді жұмыс; – жоспарлау және жауапкершілік; – өзін-өзі таныстыру; – өзін-өзі дамыту және рефлексия	– көшбасшылық және басқарушылық құзырет; – әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік; – коммуникативтік құзырет; – стратегиялық ойлау;

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 15 б.	ССБЖ 3-шығарылым

	академиясына немесе бизнеске ену форматындағы тағылымдамаға қатысу.			– университет құндылықтарына бағдарлану
--	---	--	--	---

ҚАЕУ-де білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі шеңберінде мынадай белсенділік көрсеткіштері айқындалады:

1. дебат қозғалысына қатысу;
2. шешендік өнер көрсетуге қатысу;
3. студенттік қызығушылық клубтарының жұмысына қатысу;
4. студенттік іс-шараларды (мәдени-көпшілік, патриоттық, идеологиялық) ұйымдастыру;
5. университет студенттері арасында қоғамдық пайдалы ақпаратты әзірлеу және тарату, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы;
6. студенттік үкімет жұмысына қатысу (отырыстарға қатысу, ЖРО, әкімдік және т.б. сыртқы іс-шараларға қатысу);
7. волонтерлік қызмет;
8. экологиялық даму бағытындағы акциялар мен іс-шараларға қатысу;
9. спорттық жарыстарға қатысу;
10. салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
11. спорттық секцияларға қатысу;
12. эссе, презентация, бейнероликтер және т.б. шығармашылық конкурстарға қатысу;
13. КВН (Көңілділер мен тапқырлар клубы) сайысына қатысу;
14. «ҚАЕУ көшбасшылығы» бағдарламасына қатысу.

Әрбір белсенділік көрсеткіші мүмкіндігінше санына, қатысу нысанына және (немесе) мәртебесіне байланысты бағалануы тиіс. 100 балдық шкалаға келтіру мақсатында әрбір көрсеткішке тиісті салмақтық коэффициент беріледі.

Әлеуметтік құзыреттердің SSCI қорытынды мәні белгілі бір белсенділік үшін берілген балды оның салмақтық коэффициентіне көбейту нәтижелерінің қосындысы ретінде есептеледі.

SSCI жалпы балы мына формула бойынша айқындалады:

$$SSCI = \sum BI_m \times CK,$$

мұнда:

m – әлеуметтік белсенділіктің тиісті түрі;

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 16 б.	ССБЖ 3-шығарылым

БИ – тиісті белсенділік түрі бойынша балл;
СК – оның салмақтық коэффициенті.


Білім алушының әлеуметтік құзыреттіліктерінің деңгейі (SSCI) зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша жинаған балына сәйкес айқындалады және белгіленген салмақ коэффициентіне сәйкес интегралдық GPA-ны есептеу кезінде ескеріледі.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 17 б.	ССБЖ 3-шығарылым

Әлеуметтік белсенділік көрсеткіштері	Әлеуметтік белсенділік бөлімдері	Мәртебесі							Қосымша балл «Ұйымдастырушы»	Қосымша балл «Қатысушы»	Қосымша балл «Көрсен»	Үлес	Растайтын құжат	Деректерді растауға жауапты құрылымдық бөлімше
		Қалалық/ЖОО ішкілік	Облыстық	Республикалық	Халықаралық (өз ЖОО-да)	Ұйым деңгейінде	Халықаралық ҚР	Халықаралық шетелде						
		балл	балл	балл	балл	балл	балл	балл						
Конференциялар, брифингтер, көпшілік алдында сөйлеу	– дебат қозғалысына қатысу – шешендік өнер көрсету	70	75	80	85	90	95	100	10	5	3	0,2	Сертификат / қатысу хаттамасы	СДО (Жастар саясаты жөніндегі проректор)
Студенттік өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру және қатысу	– студенттік клубтарға қатысу; – мәдени-көпшілік, патриоттық, идеологиялық іс-шараларды ұйымдастыру; – қоғамдық пайдалы ақпаратты тарату; – студенттік үкімет жұмысына қатысу; – волонтерлік қызмет; – экологиялық іс-шараларға қатысу	70	75	80	85	90	95	100	10	5	3	0,2	Қатысу хаттамасы	СДО (Жастар саясаты жөніндегі проректор)

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 18 б.	ССБЖ 3-шығарылым

Спорттық қызмет	1) спорттық жарыстарға қатысу; 2) салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	70	75	80	85	90	95	100	10	5	3	0,2	Марапат қағазы / қатысу хаттамасы	1) ПжП кафедрасы (ПжП кафедрасының меңгерушісі) 2) СДО (Жастар саясаты жөніндегі проректор)
Шығармашылық қызмет	– эссе, презентация, бейнероликтер конкурстарына қатысу; – КВН (Көңілділер мен тапқырлар клубы) сайысына қатысу	70	75	80	85	90	95	100	10	5	3	0,2	Қатысу хаттамасы	СДО (Жастар саясаты жөніндегі проректор)
Басқа	Халықаралық көшбасшылық бағдарламасының кез келген деңгейіне, оның ішінде көшбасшылық курсына, тәлімгерлік бағдарламасына, Көшбасшылық академиясына немесе бизнеске	70	75	80	85	90	95	100	10	5	3	0,2	Сертифика т	ХББ (Халықаралық бағдарламалар бөлімінің директоры)



Күні: 19.03.2025 ж

ССБЖ
3-шығарылым

[illegible]

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 20 б.	ССБЖ 3-шығарылым

5. АПЕЛЛЯЦИЯ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

5.1. Білім алушы өзінің зерттеу (iROS) және (немесе) әлеуметтік және спорттық (SSCI) жетістіктерін бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда апелляция беруге құқылы.

5.2. Апелляция білім алушы бағалау нәтижелерімен танысқан сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Бизнес, құқық және педагогика факультетінің деканатына жазбаша нысанда беріледі.

5.3. Апелляцияда білім алушы дау туғызған нәтижені және оны қайта қарау негіздерін көрсетеді. Қажет болған жағдайда апелляцияға мәлімделген жетістіктерді растайтын құжаттар және өзге де материалдар қоса беріледі.

5.4. Апелляцияны құрамы ЖЖОКБҰ ректорының бұйрығымен бекітілетін апелляциялық комиссия қарайды.

5.5. Апелляциялық комиссияның құрамына:

1. апелляциялық комиссияның төрағасы – бірінші вице-президент немесе ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары (проректор);
2. апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары – ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары (проректор) немесе ЖЖОКБҰ құрылымдық бөлімшесінің басшысы;
3. апелляциялық комиссияның хатшысы – ЖЖОКБҰ-ның штаттық қызметкері;
4. апелляциялық комиссияның мүшелері – ЖЖОКБҰ-ның штаттық оқытушылары және (немесе) ғылыми қызметкерлері қатарынан кемінде төрт адам кіреді.

5.6. Апелляцияны қарау кезінде апелляциялық комиссия білім алушы ұсынған растайтын құжаттарды, жетістіктің тиісті көрсеткішке дұрыс жатқызылуын, қатысу мәртебесінің дұрыс айқындалуын және балдардың дұрыс есептелуін қайта тексереді.

5.7. Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша шешімді апелляциялық комиссия апелляция келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды және оны білім алушының назарына жеткізеді.

5.8. Апелляция қанағаттандырылған жағдайда iROS және (немесе) SSCI бағалау нәтижелеріне тиісті өзгерістер енгізіледі және олар интегралдық GPA-ны есептеу кезінде ескеріледі.

5.9. Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешім ЖЖОКБҰ-да белгіленген тәртіппен ресімделеді.

	Қазақстан-Американдық еркін университеті	Күні: 19.03.2025 ж
	Білім алушылардың жетістіктерін IGPA есепке ала отырып бағалау туралы ереже 22 беттен 21 б.	ССБЖ 3-шығарылым

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН IGPA ЕСЕПКЕ АЛА ОТЫРЫП БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Ақпараттық шығарылым

© Қазақстан-Американдық
еркін университеті, 2025

070018, Өскемен қ, М. Горький к., 76
тел. (7232) 50-50-10, 50-50-15
АҚШ-тағы офис: 44490 SE Phelps Rd., Sandy, OR
e-mail: kafu_ukg@mail.ru
web: www.kafu